



Әлемнің ең ірі компаниялары басшыларының 29-шы жыл сайынғы сауалнамасының қазақстандық шығарылымы, 2026

# AI дәуіріне тән айқынсыздық әлеміндегі көшбасшылық





## **Азамат Конратбаев**

PwC Қазақстан  
басқарушы серіктесі

## **АЛҒЫ СӨЗ**

Біз Қазақстанның бірінші басшылары сауалнамасының 14-ші басылымын қуана ұсынамыз. Бұл есеп – 2026 жылы 95 ел мен дүние жүзі бойынша 4 400-ден астам басшыларды, соның ішінде 59 қазақстандық CEO-ны қамтыған PwC CEO Survey 29-шы жаһандық сауалнамасының бөлігі.

Барлық респонденттерге сауалнамаға қатысып, маңызды үлес қосқандары үшін шын жүректен алғыс білдіремін. Бизнес-қоғамдастықпен жүргізілген көпжылдық ашық диалог сауалнамаға Қазақстанның іскерлік ортасын қалыптастыратын негізгі үрдістерді, сын-қатерлер мен даму жолдарын түсінуге арналған тұрақты платформа болып қалуға мүмкіндік береді.

Биыл CEO жауаптары екі стратегиялық тақырыпқа аударылатын назарды көрсетеді: ең алдымен жасанды интеллект (AI) саласындағы технологиялық қысымның жоғарылауы және күрделі макроэкономикалық және геосаяси орта.

Есепте ұсынылған тұжырымдар басшыларға басымдықтарды дәл анықтауға септігін тигізіп, Қазақстан экономикасының болашағын одан әрі кәсіби талқылауға негіз болады деп үміттенеміз.

Зерттеуге танытылған қызығушылық пен оның нәтижелеріне аударылған назар үшін рақмет айтамыз.

# Мазмұны

<b>01</b>	Технологиялық өзгерістер және ағымдағы басымдықтар	04
<b>02</b>	Болашаққа көзқарас: келешекті бағалау	11
<b>03</b>	Сыртқы ортаға қатысты болжау	17
<b>04</b>	Инвестициялық ахуал және мемлекетпен өзара әрекеттесу	24
<b>05</b>	Жаңа Салық кодексінің әсері	33
<b>06</b>	Басшы тұлғалар	39
<b>07</b>	Зерттеу әдіснамасы	42



# Технологиялық өзгерістер және ағымдағы басымдықтар

Біз CEO-лардан бүгінде қандай сұрақ көп алаңдататынын сұрағанымызда, басшылар көбінесе технологиялық қысымның жоғарылауы мен жасанды интеллектінің дамуы аясында **бизнестің түрлену жылдамдығы** туралы айтты.

Өзгерістер қарқынына бағытталған бұл назар PwC жаһандық сауалнамасының нәтижелерімен келіседі: бүкіл әлемде CEO технологиялық динамиканы, соның ішінде ЖИ қолдануды өздерінің стратегиялық шешімдерін қалыптастыратын негізгі факторлардың бірі ретінде атайды.

## Соңғы кездері сізді қай сұрақ көбірек мазалайды?

■ Қазақстан ■ Жаһан

Бизнесті түрлендіруіміздің жылдамдығы технологиялық өзгерістерге, соның ішінде ЖИ саласындағы ауқым мен қарқынға ілесу үшін жеткілікті ме?



Біз қадағалай алмайтын геосаяси оқиға үлкен күйзелістерге әкеп соға ма және менің компаниям оларға қалай дайын бола алады?



Менің компаниямда тиісті басқарушы құрам таңдалды деп айта аламын ба?



Менің жұмысым компаниямның орта және ұзақ мерзімді келешектегі өміршеңдігін қамтамасыз ету үшін жеткілікті ме?




Бұл ретте қазақстандық көшбасшылардың көпшілігі — 76% — әзірге ЖИ пайдаланудан кірістердің өсуі түріндегі де, шығындардың төмендеуі түріндегі де елеулі қаржылық әсерді белгілемейді. Осыған байланысты Қазақстандағы ахуал тұтастай алғанда әлемдікке сәйкес келеді: жаһандық деңгейде CEO-ның 56%-ы да ЖИ енгізуден елеулі қаржылық нәтиже көрмейді.

Қазақстандық CEO-ның тек 12%-ы соңғы он екі айда компаниялары ЖИ енгізуден қосымша кіріс түріндегі айтарлықтай әсер алғанын атап өтті. Жаһандық деңгейде мұндай нәтиже туралы шамамен әрбір үшінші басшы хабарлайды.

Әлбетте, біз ЖИ дәуірінің бастауында тұрмыз. Қазақстандық басшылардың тек 19%-ы ЖИ-ді сервистік және қолдаушы функцияларда, 24%-ы сұранысты генерациялауда елеулі түрде пайдаланатынын және 10%-ы ғана ЖИ-ді стратегиялық басқаруда қолданады.

### Бизнесіңіздің келесі салаларында ЖИ қандай ауқымда қолданылады?



Бұл нәтижелер ЖИ әлеуеті біртіндеп байқалатынын, ал енгізу динамикасы әлі де біркелкі емес екендігін көрсетеді. Компаниялар практикалық тәжірибе жинауды жалғастыруда және ол көбейген сайын, басшылар технологияны қай бағытта терең пайдалану нақты табыс әкелетінін дәлірек анықтауда.



PwC жаһандық тәжірибесі көрсететіндей, ЖИ-ді енгізу бойынша нүктелік жобалардың нақты нәтижелерге әкелуі сирек кездеседі. Технологияны бүкіл компания деңгейінде енгізіп, оның стратегиямен тікелей байланыстыру айтарлықтай нәтижеге қол жеткізеді.

Ол үшін бірнеше шарт қажет: ЖИ-ді негізгі процестерге кіріктіруге мүмкіндік беретін технологиялық орта; ЖИ бастамаларының ойластырылған жол картасы; жауапкершілікпен пайдалану мен қатерлерді басқарудың ресми тәжірибелері; сонымен қатар жаңа тәсілдемелерді енгізуді қолдайтын мәдениет.

# Респонденттердің дәйексөздері

## Көп мазалайтын мәселелер жөнінде

«Біз бизнесімізді жеткілікті жылдам өзгертеміз бе? Мен көріп отырғандай, бұл енді бір дүниелерді өзім жылдам өзгерте салатын кішкентай компания емес. Мен операциялық бизнесте екі жыл бойы болмай, инвестор сияқты сырттан бақылап, компанияда болып жатқан өзгерістерді көрдім. Бірақ оны шын мәнінде түрлендіру үшін маған қайта оралуға тура келді.

Түрлендіруге бір жыл арнағаннан кейін айтатын негізгі жауабым: әрқашан өз мәдениетіңе және құндылықтарыңа – көшбасшылыққа, білуге құмарлыққа, батылдылыққа оралу керек. Жеке деңгейіңде құндылықтардың девальвациясы болмауы және көлеміне қарамастан, компания анықталып қойған құндылықтарына адал болуы маңызды».

**Серик Толукпаев,**  
**Aitas Group**

«Біздің бизнесті түрлендіруіміз нарықтың жаңа талаптарына сәйкес болуға жеткілікті ме – бұл шын мәнінде өте маңызды мәселе. Жағдай өте тұрақсыз және өзгерістер күткеннен тезірек орын алуда. Сондықтан дұрыс көшбасшылар тобының болуы осындай белгісіздік жағдайында басқару үшін аса маңызды.

Компаниямның инновациялық мүмкіндіктеріне келетін болсақ, біз айтарлықтай жаңашылмыз, бірақ болашақтың күрделілігін ескерсек, бұл мәселе әрқашан өзекті болады. Ішкі саяси кедергілер мен болашақта даму мүмкіндіктерін пайдалану үшін ресурстар бөлудегі инерцияны қалай жеңуге болады – мен бірінші орынға осыны қояр едім».

**Эдгард Бу-Шахин,**  
**Schneider Electric Орталық Азия және Кавказ**

«Мені қызметкерлерге деген қамқорлық пен жұмыс күшіне жұмсалатын шығындарды азайту қажеттілігі арасындағы тепе-теңдікті сақтау алаңдатады. Жұмыс күші қымбаттауда – бұрын жалақы қоры айналымның шамамен 20-25%-ын құраса, қазір ол 27-32%-ға дейін жетуі мүмкін».

**Аскар Байтасов,**  
**ABR**

# Респонденттердің дәйексөздері

## Көп мазалайтын мәселелер жөнінде

«Мәселе бірнешеу. Компанияның тиімділігін, оның ішкі процестерін, корпоративтік функцияларын, операциялық моделін сақтау. Ірі компанияның комплаенсімен талап етілетін сенімділікті қамтамасыз ете отырып, шешім қабылдаудың жоғары жылдамдығын қолдау.

Әлемнің ондаған елдерінде жұмыс істейтін мыңдаған қызметкерлерден тұратын команда арасында дәстүрлерді, миссияларды және мәдениетті бұзбау. 5-10 жылға келешекте өсудің жоғары қарқынын қолдау үшін жаңа, әрі маңызды көздерді іздеу».

**Арсен Томский,**  
**InDrive**

«Қаржы секторын түрлендіру жеделдеуде және бүгінгі таңда банктер үшін басты міндет – жаңа технологияларды енгізіп қана қоймай, олардың қауіпсіз, басқарылатын және ауқымдатылатын интеграциясын қамтамасыз ету. Citi тұрғысынан технологиялық өзгерістер тұтынушылардың үміттерін айтарлықтай түрлендіреді. Міне, сондықтан біз жеке технологияларға ғана емес, төлемдердің, депозиттердің және есеп айырысудың негізінде жатқан инфрақұрылымды жаңартуға назар аударамыз.

Сонымен қатар, ЖИ және жаңа технологияларға қатысты реттеу қалыптасу сатысында. Нақты шектердің болмауы операциялық, сонымен бірге бедел қатерлерін де арттырады. Бұл өз кезегінде цифрлық киберқауіпсіздікке айтарлықтай инвестицияларды қажет етеді».

**Сауле Жакаева,**  
**Ситибанк Қазақстан**

«ЖИ біздің саланы өзгерте бастады және технология күннен-күнге үлкен рөл атқаруда. Біз бұл өзгерістерге және олардың бизнесімізге болашақта тигізетін әсеріне толық сенімді емеспіз. Сонымен қатар, көптеген аймақтық және жаһандық сын-қатерлер бізге әсер етеді, жағымсыз салдарларды азайту үшін алдын ала әрекет етуіміз керек».

**Вели Динчел,**  
**Coca-Cola CII Kazakhstan**

# Респонденттердің дәйексөздері

## Көп мазалайтын мәселелер жөнінде

«Жасанды интеллект басқару жүйелерін дамыту бойынша жаңа жобаларды іске қосудың негізгі құрамдас бөлігіне айналды. Осыған байланысты кірістілік аз болса да өсе бастады. Біз неғұрлым креативті және тиімді IT серіктестер мен AI кеңесшілерін таңдаймыз, шығындарды оңтайландырамыз және жұмыс жылдамдығы мен сапасын едәуір арттырдық. Бұл бізге шығындарды 2-3-ға% төмендетуге мүмкіндік берді және бұл үлкен өзгерістерге қарай жасалған алғашқы қадам ғана деген сенім пайда болды».

**Кайрат Мажибаев,**  
**RG Brands**

«Льюис Кэрролл «Алиса айнаның арғы бетінде» кітабында атап өткендей: «Орнында қалу үшін барынша жылдам жүгіру керек, ал басқа жерге жету үшін кем дегенде екі есе жылдамырақ жүгіру керек». Бұл бизнестің қазіргі шындығын дәл көрсетеді: бәсекеге қабілеттілікті сақтау үшін бұрынғы қарқынмен қозғалу жеткіліксіз — үнемі өзгерістер мен тиімділікті арттыру қажет.

Салық жүктемесі мен көп жағдайда кірістер динамикасынан асатын инфляциялық қысымның өсуі жағдайындағы негізгі мәселе: бизнестің тиімділігін арттыру және қызметкерлердің әл-ауқатының тұрақты өсуін қамтамасыз ету. Біз тиімділікті арттыруға және ішкі процестерді қайта қарауға назар аударамыз. Бұл команданы дамыту мен жалақыны өсіру үшін ресурстарды қайта бөлуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, біз өнімділікті арттыратын және ұзақ мерзімді тұрақты өсуге негіз болатын технологиялар мен басқару тәжірибелеріне инвестиция саламыз».

**Яков Фишман,**  
**Magnum**

«ЖИ-ді қолдану өз әлеуетінен әлі де төмен. Оны енгізуді жеделдету еңбекті көп қажетсінетін операциялық модельдегі өнімділікті арттыру үшін аса маңызды. Ішкі кедергілерді жою, икемділікті арттыру және ұйымдық инерцияны жеңу – тиімділіктегі ауқымды жақсартуға жетудің негізгі құралы».

**Ахмед Ахраров,**  
**ЛОТТЕ Рахат**

# Респонденттердің дәйексөздері

## Көп мазалайтын мәселелер жөнінде

«Бүгінде жасанды интеллект – скоринг пен маркетингтен бастап жаңа интеллектуалды digital-шешімдерге дейінгі кең ауқымды салаларда қолданылатын қуатты құрал. Дамудың мұндай қарқынында келешекті мүмкіндіктерді жіберіп алмау, олардың әлеуетін уақтылы тану және олар компания үшін де, клиенттеріміз үшін де құра алатын бизнес құндылықты нақты түсіну маңызды.

Нарықтағы бәсекелестік деңгейі бізді алаңдатпайды. Керісінше, бәсекелестік дамудың шапшаңдатқышы болып саналады – ол бізді тиімдірек жұмыс істеуге, стратегиялық тұрғыдан ойлауға және шешімдерді жылдамырақ қабылдауға итермелейді. Дәл осындай ортада ең жақсы шешімдер пайда болып, тұрақты бәсекелестік артықшылық қалыптасады».

**Болатбек Оспанов,**  
**Smart Satu**

«Бизнесіміздің жылдам органикалық емес өсуі басқарудың күрделілігін және көшбасшы рөліне қойылатын талаптарды арттырады. Көшбасшылардың барлығы бұл өзгерістерге бірдей жылдамдықпен бейімделе бермейді және бұл түрлену кезеңіне тән нәрсе. Қазір басты назар «сәйкестікті» бағалау ғана емес, сонымен қатар туындайтын олқылықтарды уақтылы байқауға және басқару шешімдерін түзетуге мүмкіндік беретін қарапайым және тұрақты механизмдерді құру».

**Вячеслав Мальцев,**  
**Carlsberg Kazakhstan**


«Қазіргі таңда ЖИ табысқа айтарлықтай әсер етпейді. Дұрысы, ол шығындарды азайтуға көмектесіп, бұл бізге айтарлықтай үнемдеуге мүмкіндік береді».

**Илья Мартыненко,**  
**Аврора Холдинг**

## Болашаққа көзқарас: келешекті бағалау

Жеделдетілген технологиялық өзгерістер аясында күшейетін тағы бір тенденция — CEO-лардың кіріс өсіміне деген сенімдерінің төмендеуі. Соңғы жылдары қысқа мерзімді де, ұзақ мерзімді де үміттер біртіндеп нашарлауда және бұл экономикалық ортаның күрделілігі мен болжап білуге болмайтынын көрсетеді.

Компанияңыздағы кірістің өсу келешегіне қаншалықты сенімдісіз:




Кірістің өсімі бойынша үміттің төмендеуіне қарамастан, қазақстандық басшылар өз компанияларының болашағына деген сенімін сақтайды.

**Бүгінде олардың 62%-ы өз бизнесін ұзақ мерзімді келешекте экономикалық тұрғыдан тиімді деп санайды, бұл өткен жылғы көрсеткішті (61%) қайталайды десек болады.**

Басшылардың сенімділігі тұрақтылықтың түрлі көздеріне – нарықтарды әртараптандыруға, күшті салалық позицияларға, дамыған құзыреттерге және тұрақты технологиялық жаңаруға негізделеді.

## Егер компанияңыз ағымдағы бағытта жұмысын жалғастырса, бизнесіңіз экономикалық тұрғыдан тиімді болу мерзімі қандай болады?




**Көптеген компаниялар өзгермелі ортада қалуға мүмкіндік беретін негізді көреді.** Өзгеріссіз мызғымастық қоры бір-екі жылда таусылуы мүмкін екенін еске салатын абай дауыстар да бар.

Респонденттердің пікірінше, компаниялардың экономикалық тұрақтылығына айтарлықтай әсер ететін факторлардың ішінде биылғы жылы бірінші орында нормативтік-құқықтық базадағы өзгерістер аталды – бұл сауалнамаға қатысқандардың 56%-ының пікірі.


Бір жыл бұрын бұл көрсеткіш айтарлықтай төмен болған (29%), бұл **бизнесіңіз реттеуші аспектілерге көбірек көңіл бөлетінін** көрсетеді. Бұл көбінесе компаниялардан өз процестерін мұқият талдауды және бейімдеуді талап ететін жаңа Салық кодексінің енгізілуіне байланысты.

## Компанияңыздың экономикалық өміршеңдігіне қандай факторлар ең көп әсер етеді?



Респонденттердің пікірінше алдағы 12 айда бизнеске айтарлықтай әсер етуі мүмкін қауіптер туралы айтар болсақ, бірінші орында, әдеттегідей, геосаяси қақтығыстар — оларды сауалнамаға қатысушылардың 56%-ы атады.

Сіздің ойыңызша, компанияңыз алдағы 12 айда келесі қауіптерге қаншалықты ұшырайды?



CEO пікірінше, геосаяси шиеленіс логистика мен жеткізу тізбегіне әсер етуі мүмкін, бұл активтердің құнына және сыртқы нарықтардағы жұмыс жағдайларына әсер етуі мүмкін.

Жекелеген салаларда бұл жаңа мүмкіндіктермен қатар қосымша операциялық қиындықтарды тудыра отырып, ағындардың қайта бөлінуіне және бағдарлық желінің өзгеруіне әкеліп үлгерді.

Бұл ретте респонденттердің 47%-ы геосаяси айқынсыздық компаниялардың инвестициялық жоспарларына әсер етпегенін атап өтті. 27%-ы айқынсыздық белгілі бір дәрежеде ірі инвестицияларды жүзеге асыру ықтималдығын төмендетіп, жекелеген компаниялардың ұзақ мерзімді шешімдерге неғұрлым консервативті көзқарасын көрсетті.

Инфляция геосаяси қатерлерге өте жақын орналасып, оның алдағы 12 айда елеулі қатер болатынын респонденттердің 54%-ы (бір жыл бұрын 39% болған) атап өтті.

Түсініктемелерде инфляциялық қысым көптеген компаниялар үшін айтарлықтай болып қала беретіні атап өтілді, дегенмен оның қарқындылығы салалық ерекшеліктерге байланысты.

Жалпы, респонденттердің ортақ пікірі бойынша, **инфляция ұзақ мерзімді жоспарлауды қиындатады және жоғары белгісіздік жағдайында операциялық тәсілдемелерді үнемі қайта қарауды қажет етеді.**

**Киберқауіптерге осалдық деңгейін респонденттер әртүрлі бағалайды, бірақ тұтастай алғанда, бұл фактордың маңыздылығы артып келе жатқанын атап өтеді.** Деректердің үлкен көлемімен жұмыс істейтін немесе жаһандық цифрлық жүйелерге қосылған компаниялар ететін мерзімді шабуылдарға немесе бұзылуларға тап болып, бұл IT-жүйелерінің қауіпсіздігі мен тұрақтылығы қосымша инвестицияларды қажет етеді.

Негізгі дағдыларға ие жұмысшылардың болуын респонденттер екіұшты бағалады: мұндағы пікірлер көп бағытты болып шықты. **Көптеген компаниялар еңбек нарығындағы жағдай жалпы алғанда алдыңғы жылдармен салыстырғанда анағұрлым қолайлы болғанын, ал жекелеген салаларда тіпті үміткерлердің артықшылығы байқалғанын атап өтті.**

# Респонденттердің дәйексөздері

## Бизнестің өміршеңдігі және оның тұрақтылығына әсер ететін факторлар туралы

«Бизнестің экономикалық өміршеңдігіне нормативтік-құқықтық база, оның ішінде жаңа Салық кодексі мен құқық үстемдігі үлкен әсер етеді. Сонымен қатар, инфляцияның үздіксіз өсуін және оның баяу төмендеуін ескере отырып (инфляцияның өсуіне әсер ететін барлық факторларды атамай-ақ қояйын, олар жалпыға белгілі және міндеттерге жетуде жүйелі көзқарасты қажет етеді) базалық мөлшерлеме өсімінің төмендеуі жақын арада байқалмайды, сондықтан қымбат қаржыландырумен байланысты мәселелер сақталады және бұл, әрине, бизнестің өсуіне әсер етеді».

**Фаррух Махмудов,**  
**Orbis Қазақстан**

«Алдағы 12 айда табыстың өсуіне деген сенім орташа, себебі біз геосаяси жағдайға және макрофакторларға өте тәуелдіміз. Алайда, мен ұзақ мерзімді келешекке үмітпен қараймын, өйткені энергиялық тиімді инфрақұрылымдық шешімдерге сұраныстың біртіндеп өсуі күтілуде, бұл бізге трендте қалуға мүмкіндік береді».

**Азат Джалаиров,**  
**WILO Central Asia**

«Нормативтік-құқықтық базаның өзгеруі, ҚҚС мөлшерлемесінің жоғарылауы және өнімдер мен қызметтердің қымбаттауы нарыққа айтарлықтай әсер етеді. Экономикалық жағдайға байланысты біз саланы шоғырландыру тенденцияларын көріп отырмыз; кейбір ойыншылар позицияларын нығайту үшін бірігуі мүмкін. Біз ынтымақтастық туралы ұсыныстарды қарастырамыз, алайда әзірге тәуелсіз болып қала береміз.

Бұл ретте менің алдағы жылы да, алдағы үш жылда да табыстың өсуіне деген сенімім жоғары. Біз қаржылық модельді қайта қарап, баға саясатын өзгертіп, осы бағыттағы әлеуметтік бастамалардың жалғасуына қарамастан балалар фитнесінен бас тарту арқылы жоспарымызды жүзеге асырдық».

**Валихан Тен,**  
**Krida**

# Респонденттердің дәйексөздері

## Бизнестің өміршеңдігі және оның тұрақтылығына әсер ететін факторлар туралы

«Қауіштер туралы айтатын болсақ, әлеуметтік теңсіздікке байланысты айтарлықтай қаржылық шығындардың ықтималдығы жоғары. Өткен жылы менің жауабым басқа болар еді, бірақ биыл ҚҚС мөлшерлемесінің артуына байланысты, бұл маңызды факторға айналуға айналуда. Өткен жылы ЖІӨ 4%-ға өсті, бірақ халық орташа есеппен 2,5%-ға «тарықты» және бұл процесс биыл да тоқтамайды. Қаржыландыру да қиындай түсуде – біз адамдармен жұмыс істейміз және олардың да қиындықтары бар екенін көреміз, сатылым төмендеуде. Бұл алтын немесе мұнай өндіру сияқты үлкен бизнеске ешқандай әсер етпейді, ал бізде соңғы тұтынушы бар, стартап арқылы немесе шағын және орта бизнесті өзіміз қаржыландырамыз және бұл жағдайда әсер өте жылдам байқалады».

**Мират Ахметсадыков,**  
**MOST Finance**

«Компаниямыздың экономикалық өміршеңдігінің негізгі факторлары: саланың құрылымы, бәсекелестік деңгейі және нарықтың өзгермелі жағдайларына бейімделу қабілеті. Қатысушыларды ірілендірудің байқалатын процестері көрсетілетін қызметтердің тиімділігіне, сапасы мен ауқымына жаңа талаптар қалыптастырады. Осыған байланысты біздің стратегиялық міндетіміз – халықаралық стандарттарға бағдарланған модель қалыптастыру, жергілікті сараптаманы дамыту және Қазақстаннан тыс қатысуды кеңейту».

**Александра Бекишева,**  
**«КАЗГИПРОНЕФТЕТРАНС» ИНЖИНИРИНГ КОМПАНИЯСЫ**

«Солтүстіктегі көршіміз біздің сегменттегі басты бәсекелес және ірі өндіруші ретінде әрекет ететіндіктен, геосаяси жағдайдағы қазіргі турбуленттілік бизнес үшін белгісіздік пен күйзелістің негізгі факторына айналуға айналуда. Осы қатерлерді түсініп, басқару стратегиялық жоспарлауда және жаһандық экономикадағы өзгерістерге бейімделуде шешуші рөл атқарады».

**Арман Маулешев,**  
**КазАзот**

## 2026 ЖЫЛҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ


Алдағы он екі айда **респонденттердің Қазақстан экономикасына қатысты үміттері тұтастай алғанда қалыпты өсуге бағдарланады**, олардың пікірінше, бұл өсім шикізат ресурстарының экспортынан және инфрақұрылымға салынатын инвестициялардан қолдау табады.

Сонымен қатар, сауалнаманың кейбір қатысушылары Ұлттық қор қаражатын одан әрі пайдалануға және салық реформаларының шағын және орта бизнеске ықтимал әсеріне байланысты белгілі бір алаңдаушылықтарды атап өтті.

Жаһандық деңгейде геосаяси қатерлер мен жеткізу тізбегін қайта құру жағдайында экономикалық өсу біркелкі дамымайды, бұл да компаниялар үшін жоғары сақтық ортасын қалыптастырады деп болжануда.




Сіздің ойыңызша, алдағы 12 айда экономикалық өсу (жалпы ішкі өнім) қандай болады:



Ағымдағы экономикалық жағдайда компаниялар жаңа инвестицияларға қарауды жалғастыруда. Алайда, басшылардың көзқарасы анағұрлым салмақты болуда: **даму қажеттілігі сақталады, алайда қатерлер мен ықтимал салдарларды бағалау бірінші орынға шығады.**

Компанияңызда алдағы 12 айда инвестициялардың қандай жалпы көлемі жоспарланған (млн. АҚШ долларымен)?




Қазақстандық CEO-лардың жартысы ішкі нарықтағы позицияны күшейтуді немесе жоғары өтімділікті сақтауды қалап, Қазақстаннан тысқарыда инвестициялауды жоспарламайды.

Шетелдік бағыттарды қарастыратындардың ішінде ең алдымен құрылымы мен динамикасы ұқсас жақындағы Өзбекстан нарығына назар аударады (20%); бірқатар компаниялар АҚШ-пен жұмыс істеуді жалғастыруда (19%), жекелеген ойыншылар БАӘ (8%), Қытай (8%) және Қырғызстан (5%) әлеуетін зерделеуде.

Бір қызығы, **соңғы бес жылда компаниялар жүзеге асырған экологиялық бағдарланған бастамаларға қарап, респонденттер олардың өсіп келе жатқан экономикалық маңыздылығын атап өтеді.** Нақтырақ айтсақ, сауалнамаға қатысушылардың 25%-ы (бір жыл бұрын 19% болған) мұндай инвестициялардың табысқа оң әсерін хабарлады, ал 42%-ы (өткен жылы 31%) олардың операциялық шығындардың төмендеуіне ықпал еткенін көрсетті.

Компанияңыз соңғы бес жылда бастамашы болған экологиялық таза инвестициялар келесі көрсеткіштердің жоғарылауына немесе төмендеуіне қаншалықты әсер етті?



# Респонденттердің дәйексөздері

## Макроэкономикалық келешек туралы

«Менің ойымша, жаһандық ауқымда экономиканың өсімі орташа болады, ал Қазақстан экономикасы ағымдағы қарқынын сақтап, аздап жақсарады. Қазір АҚШ үшін бизнес пен қор нарықтарын қолдау аса маңызды, бұл әлемдік өсудің басты ынталандырушысы болып қала береді. Жаңа технологиялардың дамуы бизнестің өнімділігіне үлкен әсер етеді. Алайда, геосаяси шиеленістер, әсіресе Иранның төңірегіндегі жағдай энергетикалық нарықтардағы жоғары құбылмалылықты тудырады. Мұнай бағасының көтерілу қаупі сақталады, дегенмен дамыған елдердегі технологиялық өрлеу бұл шығындарды ішінара өтейді. Қазақстанның экономикасы мен ЖІӨ құрылымына келетін болсақ, 2026 жылы түбегейлі өзгерістердің болуы екіталай деп санаймын — біз әлі де сыртқы фонға қатты тәуелдіміз».

**Бейбут Жантурин,**  
**Prosper Pay**

«Менің ойымша, әлемдік экономика қазір «алшақтық» жағдайында, себебі «әлемдік» ұғымы өте шартты бола түсуде. Бұл Қытай, Үндістан, Америка Құрама Штаттары, БРИКС елдері әсер ететін кейбір «аралдар» десек болады. Меніңше, өсім болады, бірақ ол бөлшектелген сипатта қалады. Қазақстан туралы айтатын болсақ, соңғы үш жылда біз жайсыз экономика жағдайында дамып келеміз. Біз өсу идеясымен әуестенеміз. Бұл бар да, дегенмен бюджет пен квазимемлекеттік сектор шығыны түріндегі ынталандырғыштарда».

**Серик Толукпаев,**  
**Aitas Group**

«Жаһандық экономикада біз логистикалық тізбектердің нашарлауына және шикізат бағасының өсуіне байланысты өсудің төмендеуін күтеміз. Көптеген компаниялар нарықтан кетуде, ал тұтынушылар төлем қабілеттілігін жоғалтуда. Әзірге жақсы өзгерістер байқалмайды және біз бірлесіп жұмыс істейтін көптеген кәсіпорындар тұрақсыздыққа, соның ішінде шикізат пен энергия шығындарына қатысты қиындықтарға тап болуда. Өзіндік құн өсуде, ал қытайлық өнімдер еуропалық нарықты жаулап алуда, бұл бәсекелестікті қиындатады.

Қазақстандағы жағдай өткен жылғы деңгейінде сақталуы ықтимал. Инерцияның арқасында ертерек басталған жобалар биыл іске асырылады. Біраз шиеленіс күтілуде, алайда біз абай оптимизмді сақтаймыз».

**Михаил Борисов,**  
**Fluidra Қазақстан**

# Респонденттердің дәйексөздері

## Макроэкономикалық келешек туралы

«Қазақстанда да, жаһандық деңгейде де экономикалық өсу қалыпты оң мәндерде болжануда. Жаһандық аренада жалпы экономикалық өрлеу байқалады және менің ойымша, Таяу Шығыстағы тұрақсыз жағдай нашарлауға әкелмейді. Қиындықтар туындаса да, бұл 2026 жылы болмайды. Қазақстан экономикасына келетін болсақ, мен оптимистік көзқарастамын: тіпті жаңа Салық кодексін енгізуді ескерсек те, өсім күтілуде. Қазақстан экономикасы негізінен шикізатқа тәуелді және оның кірісі ресурстардың құнына байланысты. Қазіргі уақытта мұнай, алтын, хром, алюминий және мыс бағасы өсуде, бұл экономикамызға жағымды әсер етеді. Бұл ретте, шағын және орта бизнес қиындықтарға тап болса да, оның жалпы экономикалық көрініске әсері шамалы».

**Арманжан Байтасов,**  
**Tan Media Group**

«2025 жылы біз экономиканың айтарлықтай өсімін байқадық, бірақ биыл өткен жылмен салыстырғанда мұндай күтілмейді. Бұл жыл басында негізгі кен орындарының бірінде мұнай өндірудің тоқтап қалуына байланысты, бұл ел экономикасына теріс әсер етеді. Тағы бір жағымсыз фактор – ҚҚС өсуіне байланысты бағаның өсуі және салық жеңілдіктерінің төмендеуі. Бұл өзгерістер ұзақ мерзімді әсер етпесе де, бизнес жаңа шарттарды бағалай отырып, инвестициялық шешімдерді кейінге қалдырады.

Ең маңызды кедергі Ұлттық банктің жоғары пайыздық мөлшерлемелері болып қала береді. Компаниялардың көп жобалары кірістілік бойынша қатерлер мен бизнесті жүргізу күйзелісіне ұшырамайтын банктік депозиттермен бәсекелесе алмайды».

**Алмас Кудайберген,**  
**Centrasia Group**

«Жасанды интеллектіге байланысты технологиялық серпілістің жылдам пайдасын көріп үлгердік. Басқасы жаһандық өзгерістер ғана – бұл ұзақ процестер: ЖИ-ді енгізу және экономика өзгерісі. Әрине, жаһандық соғыс орын алмаса, Иран төңірегіндегі жаңалықтарды көріп отырмыз ғой – бұл «қара аққуларды» ешкім жоққа шығармады. Қазақстан бойынша ЖІӨ-нің айтарлықтай өсуін күтемін, бірақ бұл ынталандыру шараларының салдары болады. Бұл ретте халықтың нақты табысы өспейді».

**Мират Ахметсадыков,**  
**MOST Finance**

# Респонденттердің дәйексөздері

## Инвестициялық жоспарлар туралы

«Біз жаһандық тұрақсыздық пен белгісіздікке байланысты басқа елдердегі барлық инвестициялардан шықтық. Сондықтан қаражатты қолма-қол ақшамен сақтауға немесе Қазақстанға инвестициялауға шешім қабылдадық. Мысалы, қазір біз мұнда үлкен қойма кешені мен кеңсе салып жатырмыз».

**Илья Мартыненко,  
Аврора Холдинг**

«Инвестициялық жобаларға келетін болсақ, біз Өзбекстанда сорғы станциялары бойынша құрастыру учаскесін құруды жоспарлап отырмыз, оны толығымен өз қаражатымыздан қаржыландырамыз. Сондай-ақ, Қазақстанда ішкі қаржыландыру базасында жүзеге асырылатын тиімділігі жоғары блокты сорғылар өндірісін жергіліктендіру жоспарлануда».

**Азат Джалаилов,  
WILO Central Asia**

«Пандемия және басқа дағдарыстар сияқты күрделі экономикалық жағдайларда біз үнемі инвестициялау жоспарымызды ұстандық. Алайда, заңнамадағы соңғы өзгерістерді ескере отырып, біздің инвестициялық жоспарымыз қайта қарауды қажет етуі мүмкін. Әлеуметтік маңызы бар өнімдер тізімін кеңейтетін соңғы бастамалар біздің қызметімізге айтарлықтай әсер етеді. Біздегі өнім портфелінің жартысына жуығы енді жаңа ережелерге бағынады, бұл компанияның маржасы мен кірісіне әсер етеді. Біздің әр санаттан бір өнімді ғана әлеуметтік маңызды ету туралы ұсынысымыз әзірге жауапсыз қалды. Қазіргі уақытта біздің барлық зауыттарымыз бен филиалдарымыз жұмысын жалғастыруда және бастапқыда жоспарланған инвестиция көлемі өзгеріссіз қалады».

**Арман Алдабергенов,  
Лакталис – Фудмастер Қазақстан**

# Респонденттердің дәйексөздері

## Экологиялық қауіпсіз инвестициялардың қаржылық көрсеткіштерге әсері туралы

«ESG күн тәртібі біздің стратегиялық басқаруымыз бен операциялық моделімізге біртіндеп кіріктірілуде, ал экологиялық бастамалар операциялық тиімділік тұрғысынан қарастырылады. Біз бұл құралдарды қолданамыз, алайда қазір шығындарға айқын әсер ету туралы айту қиын. Қысқа мерзімді келешекте экологиялық инвестициялар қосымша шығындарды қажет етеді және әзірше олар капиталдың өсуіне әкелмеді. Дегенмен, біз экологиялық қауіпсіз инвестицияларды бизнесіміздің ұзақ мерзімді тұрақтылығы мен тиімділігінің маңызды элементі ретінде бағалаймыз».

**Куат Жагалбайлинов,**  
**LANZHOU**

ESG және тұрақты даму тақырыптары күн тәртібімізде басты орын алады, бұл біздегі стратегияның негізі. Біз тұрақты дамуға салынатын инвестицияның шығын емес екенін дәлелдедік, сонымен қатар олар табыс әкеледі және компанияны кірісті етеді. Біз 10-15 жыл бойы осы бағытта белсенді түрде инвестиция салдық және бұл инвестицияларымыздың өтелімділігін растады.

**Эдгард Бу-Шахин,**  
**Schneider Electric Орталық Азия және Кавказ**

Инвестицияларымызды ESG тұрғысынан экологиялық қауіпсіз деп атауға болады, бірақ бұл экологияға тікелей емес, жанама әсер. Мысалы, біз инвесторлар арасында алғашқылардың бірі болып UvU(?) жобасын қолдадық – өткен жылы осы тасымалдау сервисінің арқасында Алматы жолдарына шығатын автокөліктер саны 6-7 мыңға азайды, бұл экологияға айтарлықтай әсер етті. Біз оларға белсенді түрде мүдделілік қолдау жасаймыз, оларға тағы 100 автобус сатып алуға жеңілдік бердік, себебі бизнес ретінде біз ақша табумен қатар экологияға әсер ете алатынымызды түсінеміз. Өткен жылы біз арнайы экологиялық акселераторлар өткіздік, осы саладағы жобаларды іздедік және су айдындарын тазарту бойынша бір пилоттық жоба өте жақсы басталды, әкімдік оны қаржыландыруды да бастады.

**Мират Ахметсадыков,**  
**MOST Finance**


## Инвестициялық ахуал және мемлекетпен өзара әрекеттесу

2025 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстандағы инвестициялық ахуалды бағалау салыстырмалы тұрақтылықты көрсетеді. Ең жиі кездесетіні – инвестициялық климаттың бір жыл ішінде айтарлықтай өзгермегені – бұл респонденттердің 41%-ының пікірі. Өзгерістерді оң бағалайтындардың үлесі 19%-ды құрады, бұл өткен жылдың деңгейіне сәйкес келеді, ал теріс бағалау үлесі 37%-дан 34%-ға дейін төмендеді.

**Респонденттер инвестициялық ортаға әсер ететін негізгі фактор ретінде нормативтік-құқықтық базаны (51%), одан кейін бюрократиялық және күрделі әкімшілік рәсімдерді (39%) атады.**


Бизнестің түсініктемелері реттеудің қатаңдығын емес, реттеуші ортаның тұрақтылығы мен дәйектілігінің жеткіліксіздігін көрсетеді: салық және салалық заңнаманың жиі өзгеруі ұзақ мерзімді жоспарлауды едәуір қиындатады және қабылданатын инвестициялық қатерлерді арттырады.

Сіздің ойыңызша, 2025 жылы Қазақстандағы инвестициялық ахуал қалай өзгерді?



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес инвестициялық ахуалды жақсартудың негізгі шарты ретінде де қарастырылады: әкімшілік қысымның төмендеуі, шешімдердің ашықтығы және мемлекеттік аппараттың жауапкершілігінсіз инвестициялық белсенділік макроэкономикалық тұрақтылық жағдайында да айтарлықтай болмайды.

Бүгінгі таңда бизнесіңіздің дамуына қатысты үкіметтің рөлі мен қолдауын қалай сипаттар едіңіз?



Бизнесі дамытудағы мемлекеттің қазіргі рөлі туралы айтатын болсақ, сауалнама нәтижелері қабылдаудың біршама нашарлауын көрсетеді. Егер өткен жылы респонденттердің 25%-ы мемлекет пен үкіметті бизнесі дамытудағы серіктес ретінде қарастырса, 2025 жылы бұл үлес 17%-ға дейін төмендеді. Сонымен қатар, бейтарап бағалаулардың үлесі де төмендеді: өткен сауалнамадағы 32%-дан ағымдағы сауалнамадағы 28%-ға дейін.


Бұл ретте мемлекет пен үкіметтің әрекеттері бизнесі жүргізуді қиындатады деп есептейтін респонденттердің үлесі айтарлықтай өсті – 37%-дан 47%-ға дейін. Мемлекеттің бизнесі дамытуға көмектесетін фактор ретіндегі рөлін бағалау өзгеріссіз қалып, 12% құрады.

Сауалнамаға сәйкес, бизнес мемлекеттік саясаттың басымдықтары ретінде көбінесе салық жүйесінің тиімділігін (31%), елдің инвестициялық тартымдылығын (24%) арттыру, физикалық және цифрлық инфрақұрылымды дамыту (22%) және болжамды макроэкономикалық ортаны (22%) қамтамасыз ету қажеттілігін атайды.

Осы бағыттар бойынша мемлекет жұмысының тиімділігін бағалау айтарлықтай ерекшеленеді. Физикалық және цифрлық инфрақұрылымды дамыту ең жоғары бағаланады: респонденттердің 61%-ы үкіметтің осы саладағы жұмысын тиімді деп санайды. Сонымен қатар, инвестициялық саясатты бұлай сауалнамаға қатысқандардың 29%-ы, ал салық жүйесінің тиімділігін – тек 12%-ы бағалайды.

Мемлекетпен ынтымақтастыққа мүдделілік көрсеткіштері де осы бағыттар төңірегінде шоғырланады. Бизнес тарапынан ең үлкен сұраныс елдің инвестициялық тартымдылығы (51%), салық жүйесінің тиімділігі (44%) және инфрақұрылымды дамыту (42%) бойынша тіркелді.

Басымдықтарды, тиімділікті бағалауды және ынтымақтастыққа дайындықты салыстыру бизнестің қатысуы ең жоғары және бірлесіп жұмыс істеудің ең үлкен әсері мүмкін болатын салаларды көрсетеді.



# Респонденттердің дәйексөздері

## Инвестициялық ахуалды жақсарту үшін мемлекеттік басқарудың басымдықтары туралы

«Біріншісі – отандық капиталды ел экономикасын дамытудың орта және ұзақ мерзімді жоспарларына тарту.

Екіншісі – сауда саясатын сыртқы саясаттың негізгі аспектілерінің біріне айналдыру қажеттілігі, өйткені қазіргі әлемде сауда саясаты мен сауда одақтары кез-келген қарым-қатынасты, соның ішінде қорғаныс қатынастарын қалыптастыруда шешуші рөл атқара бастады. Бұл үшін жаңартылған доктрина қажет болуы мүмкін. Маған ЕО мысалы – халықаралық саудаға ашықтықты стратегиялық мүдделерді қорғау қажеттілігімен теңестіре отырып, «ашық стратегиялық автономия» идеясын ұстану ұнайды. Қазақстанның мұндай доктринаны пайдалануы жасалып қойған халықаралық және өңірлік келісімдерді – сауда, экономикалық, саяси, әскери келісімдерді заманауи мазмұнмен толтырар еді.

Үшіншісі – инфрақұрылым, оған сәйкес барлық жоспарларды кешенді, жүйелі даму шеңберінде біріктіру қажет».

**Кайрат Мажипбаев,  
RG Brands**

«Ең алдымен, соттарды саяси күн тәртібінен тәуелсіз ету керек. Екіншіден, қоғаммен тиімді және ашық диалог жүргізуге арналған платформалар құру. Диалог сараптамалық қоғамдастықтың және талқыланатын мәселеге тікелей қатысы бар адамдарды тартудың жоғары деңгейіне негізделуі керек. Жауапкершілік өзара болуы керек. Қазіргі уақытта ол тек азаматтар мен компанияларға қатысты, ал деректерді жариялайтын және шешім қабылдайтын шенеуніктер негізінен тікелей басшылық алдында ғана жауап береді.

Барлық деңгейдегі шенеуніктер үшін әлеуметтік рейтинг жүйесін енгізу қажет. Әр шенеунік жұмысының нәтижелері оның лауазымнан лауазымға ауысуына ғана емес, атқаратын позициясының деңгейіне немесе тіпті мемлекеттік аппаратта жұмыс істеу құқығына да әсер етуі керек».

**Константин Кулинич,  
Mary Kay**

# Респонденттердің дәйексөздері

## Инвестициялық ахуалды жақсарту үшін мемлекеттік басқарудың басымдықтары туралы

«Менің ойымша, шабыттандыратын ұлттық идеяны бекіту және тарату – Қазақстан үшін адамдарды біріктіруге және күш-жігерді ортақ мақсаттарға жетуге, мағыналық вакуумды толтыруға қабілетті маңызды міндеттердің бірі.

Одан кейін елде ақылдың көшуін азайту үшін де, әлемнің түкпір-түкпірінен таланттарды тарту үшін де барлық мүмкіндіктер бар. Алматы – өмірімде болған ең жақсы қалалардың бірі. Түгінтұман мәселесін шешу қаланы ел дамуында сапалы серпіліс жасауға, азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуға, Қазақстанның әлемдік технологиялық, инновациялық, ғылыми аренадағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға көмектесетін белсенділер үшін тартылыс көзін айналдыра алады. Үшіншіден, әкімшілік аппаратты, демек, бүкіл елді басқару сапасын жақсартудың әлеуетті тәсілі жалақыны өсіре отырып және қалған қызметкерлер үшін жұмыс нәтижелері бойынша бонустар енгізумен шенеуніктер санын қысқарту болуы мүмкін. Бұл сапаның өсуі мен шешім қабылдауды жеделдетуден, бюрократияны төмендетуден бөлек сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендетуге көмектесе алады. Мысал ретінде Сингапурды келтірсек болады».

**Арсен Томский,**  
**InDrive**

«Мемлекет салық жүйесі тұрғысынан нарықты тыңдап, бизнестің кері байланысын ескеріп, қажетті түзетулер енгізгені жөн болар еді. Стартаптар мен бастамаларды қолдау шараларын арттыру елдің инвестициялық тартымдылығын күшейтуі мүмкін.

Біздің нарықтың өз ерекшеліктері бар, бірақ біз инфрақұрылым саласындағы мемлекеттік органдармен ынтымақтастық пен өзара әрекеттестікке дайынбыз. Біздің деректерімізге сүйене отырып, аналитикалық зерттеулер жүргізуге және елдің көліктік қамтуын логистикалық жоспарлауға қатысуға болады. Бұл, мысалы, шағын қала мен әуежай арасындағы көлік байланысын жақсартуға мүмкіндік берер еді.

Бұл идеялар жауап тудырып, мемлекет шапшаң түрде алға жылжиды деп үміттенеміз. Тұжырымдамаларды бірлесіп дамыту арқылы біз шағын бизнесті қолдап, оның тұрақты дамуына ықпал ете аламыз».

**Антон Кочергин,**  
**Tickets.kz**

# Респонденттердің дәйексөздері

## Инвестициялық ахуалды жақсарту үшін мемлекеттік басқарудың басымдықтары туралы

«Біріншіден, ойынның ашық ережелері мен құқықтық тұрақтылықты құру арқылы инвесторлардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Жеке меншікке қол сұғылмаушылық пен заңнаманың тұрақтылығына кепілдік беру қажет. Ағылшын құқығы қағидаттарын (АХҚО тәжірибесі бойынша) жалпыұлттық деңгейге дейін кеңейтіп, сот жүйесінің нақты тәуелсіздігін қамтамасыз ету қажет болуы мүмкін. Инвестор ойын ережелері бүкіл инвестициялық цикл ішінде өзгермейтініне, ал кез келген даулар ашық түрде шешілетініне сенімді болуы керек.

Екіншіден, «қонақ меншігі» ұғымын заңнамалық тұрғыдан бекітіп, туристік саланы дамыту және инфрақұрылымға жеке капиталды тарту үшін оны қорғауға кепілдік беру керек. Бұл рекреациялық нысандарға инвестиция салатын инвесторлар үшін меншік құқығын қорғау тетіктерін енгізуді талап етеді. Мұндай активтерді иелену мен басқарудың нақты ережелері туристік секторға институционалдық және жекелеген шетелдік инвесторларды тартуға мүмкіндік береді.

Үшіншіден, түсінікті және ашық салық жүйесін құру қажет. Салық кодексі айқын ынталандырушы сипатқа ие болуы керек. Салықтық әкімшілендіруді оңайлату, цифрлық бақылауды енгізу, фискалдық органдардың нормаларды субъективті түсіндіруін болдырмау – мұның бәрі инвестицияларды тартуға ықпал етеді. Салық жүктемесі кем дегенде онжылдықтың шамасында болжамды болуы керек, бұл бизнеске ұзақ мерзімді жобалардың өтелуін дұрыс есептеуге және фискалдық саясаттың құбылмалылығына байланысты күтпеген шығындардан аулақ болуға мүмкіндік береді».

**Фаррух Махмудов,**  
**Orbis Қазақстан**

# Респонденттердің дәйексөздері

## Инвестициялық ахуалды жақсарту үшін мемлекеттік басқарудың басымдықтары туралы

«Сыбайлас жемқорлықты жоюға, заң үстемдігін іске асыруға және мемлекеттік аппарат жұмысының тиімділігін арттыруға назар аудару маңызды. Үкіметтің көбірек есеп беруіне ұмтылу керек. Салық кодекс экономиканы бәсеңдетпей, оның дамуына ықпал ететіндей қайта қаралуы қажет».

**Арманжан Байтасов,**  
**Tan Media Group**

«Ең алдымен, тұрақты макроэкономикалық жағдай қажет, ол тұрақты болмаса да, болжамды болу керек. Мұнда бір мәселеден екіншісі туындайды: болжамды макроэкономикалық жағдайдан бөлек, сатып алу қабілеті, ішкі сұраныс өте маңызды және бұл сұраныс сақталуы үшін халықта тиісті кіріс болуы керек. Ірі өндірістік компаниялар туралы айтатын болсақ, мұнда Қазақстан ішінде дамыған инфрақұрылым мәселесі туындайды, себебі ол болмаса, инвестициялардың нәтижелерін болжау мүмкін емес».

**Мольдер Рысалиева,**  
**Nalyk Market**

«Инвестицияларды тежейтін факторлардың ішінен қарызды қаржыландыру мен құрылыс жұмыстары құнының, сондай-ақ келісу және инфрақұрылымды іске қосу мерзімдерінің өсуін атап өткім келеді. Мұның бәрі жаңа жобалардың экономикалық орындылығына әсер етеді. Жаңа жобаларды лайықты нарықтық бағамен іске асыру үшін сапалы жер учаскелерін ұсынудың шектеулі болуы қосымша фактор болып қала береді. Біз инвестицияларға деген қызығушылықтың төмендеуін емес, жобалардың экономикалық тұрақтылығы тұрғысынан қатаң таңдалуын байқаймыз. Бүгінгі таңда басты мәселе инвестициялау керек пе, жоқ па деген емес, активтің 10-15 жыл ішінде қаншалықты тұрақты болатыны.

Сонымен бірге, менің ойымша, инвестициялық ахуалды одан әрі нығайту үшін реттеуші органның болжамдылығын, инфрақұрылымды дамытуды және ұзақ мерзімді қаржыландыруға қол жеткізуді қамтамасыз ету маңызды».

**Лукаш Сковроньски,**  
**Global Development**

# Респонденттердің дәйексөздері

## Инвестициялық ахуал туралы

«Соңғы жылы Республиканың инвестициялық тартымдылығы айтарлықтай өзгерген жоқ деп ойлаймын. Дегенмен, біздің әлеуетіміз зор және өкініштісі, біз аймақ пен әлемдегі өзгерістердің қарқынына әрдайым ілесе бермейміз».

**Алмас Абайдельдинов,**  
**Исткомтранс**

«2024 жылмен салыстырғанда, әсіресе технологиялық компаниялар үшін жағдай жақсарды деп санаймын. Нарыққа енудің нақты нүктесі пайда болды: Astana Hub жеңілдіктер алудағы қолдауды, бейрезиденттерді жалдаудың жеңілдетілген рәсімдерін, арзан венчурлік капиталды тарту үшін гранттар мен байланыстарға қол жеткізуді ұсынады. Алайда, макроэкономикалық ортаның белгісіздігімен және теңгенің тұрақтылығымен байланысты мәселелер сақталуда, бұл ұзақ мерзімді жоспарлауды қиындатады. Қазақстан халқы санының өсуі де инвестициялық ахуалға оң әсер етеді».

**Максим Мельник,**  
**Smart web**

«2024 жылмен салыстырғанда жақсарды, қолайлырақ болған жоқ, жай ғана жақсарды. Бұл ретте, 2000-шы жылдардағы, көптеген түрлі қорлар еніп, мұнай саласы дамыған шақтағы көрсеткіштерге оралмады. Мемлекеттік бағалы қағаздардың өте жақсы сатылуы жақсартуды көрсетеді – егер ірі халықаралық инвестициялық қорлар 10 жылдық мемлекеттік бондтарды сатып алса, демек олар мемлекетке сенеді, экономикалық өсуді күтеді. Сонымен қатар, тұрақты саяси келешек бар».

**Мират Ахметсадыков,**  
**MOST Finance**

«2025 жылы Қазақстандағы инвестициялық ахуал белгілі бір өзгерістерге ұшырады, оның ішінде салықтық реттеу бөлігінде, бұл инвесторлар тарапынан болжамдылықты қабылдауға әсер етті. Көп капиталды қажетсінетін және геопозиция актісі бар ұзақ мерзімді жобалар үшін негізгі факторлар шарттардың тұрақтылығы, мәлімделген бастамаларды іске асырудағы дәйектілік және ұзақ мерзімді бағдарлардың болуы болып қала береді. Бұл факторларды одан әрі нығайту инвестициялық тартымдылықты арттыруға және ұзақ мерзімді инвестицияларды ынталандыруға ықпал етеді».

**Александра Бекишева,**  
**«КАЗГИПРОНЕФТЕТРАНС» ИНЖИНИРИНГ КОМПАНИЯСЫ**

# Респонденттердің дәйексөздері

## Инвестициялық ахуалды жақсарту шаралары туралы

«Соңғы жылдары шетелдік инвесторлар мен халықаралық компаниялар тарапынан Орталық Азия нарықтарына тұрақты қызығушылық сақталуда. Ағымдағы кезеңде өңірдің инвестициялық тартымдылығының деңгейі тұтастай алғанда өткен жылмен бірдей, бұл ретте инвесторлар үшін негізгі фактор іскерлік және реттеуші ортаның болжамдылығы мен тұрақтылығы болып қала береді.

Инвестициялық ахуалды қалыптастыру мен қолдауда мемлекет пен инвесторлар арасындағы институционалдық диалог алаңдары маңызды рөл атқарады. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Президентінің төрағалығымен Шетелдік инвесторлар кеңесі (ШИК) бизнесті жүргізу шарттарын, реттеу мен инвестициялық саясатты қозғайтын жүйелі мәселелерді талқылау үшін тиімді платформа ретінде қызмет етеді. Мұндай форматтар халықаралық бизнестің кері байланысын шоғырландыруға мүмкіндік беріп, теңдестірілген және болжамды шешімдер қабылдауға ықпал етеді.

Одан бөлек, 2026 жылы жаңа алаң – Инвестициялық омбудсмен қызметін кеңейту шеңберінде Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанынан өткізілетін Investment Protection Forum (IPF) бастамашылығы жасалды. Аталған форум инвесторлардың құқықтарын қорғауды күшейтуге және инвестициялық дауларды қараудың институционалдық тетіктеріне сенімділікті арттыруға бағытталған, бұл ұзақ мерзімді келешекте іскерлік ахуалды жақсартудың маңызды элементіне айналады.

Шетелдік инвесторлар, әсіресе көп капиталды қажетсінетін және ұзақ мерзімді жобаларды жүзеге асыратындары үшін инвестицияларды жоспарлау мен олардың кірістілігін бағалау үшін ашық және дәйекті ойын ережелерінің болуы өте маңызды. Сiti-ді қоса алғанда, халықаралық банктер тарапынан басты назар капиталдың трансшекаралық ағындары мен сауда операцияларын қолдауға, сондай-ақ өңірдің жергілікті реттеуші және институционалдық ерекшеліктерін ескере отырып, клиенттерді сүйемелдеуге аударылады».

**Сауле Жакаева,**  
**Ситибанк Қазақстан**

## Жаңа Салық кодексінің әсері

2025 жылғы 18 шілдеде Қазақстанда соңғы жылдардағы ең ауқымды салық реформаларының біріне айналған жаңа Салық кодексі қабылданды. Кодекстің мәлімделген негізгі мақсаты – фискалдық жүйені жаңарту, оны неғұрлым атаулы, ашық және экономикалық дамуға бағдарланған ету.

Респонденттердің бағалауында жаңа Салық кодексі бейімделуді және мұқият басқаруды қажет ететін маңызды өзгеріс ретінде қарастырылады.

Ағымдағы кезеңнің негізгі сипаттамасы респонденттер өтпелі кезеңнің белгісіздігін атап өтеді. Тұрақты құқық қолдану практикасын және жаңа нормаларды түсіндірудің бірыңғай тәсілдерін қалыптастыру әлі де жалғасуда, бұл бизнестің салықтық қатерлер мен сәйкестік мәселелеріне деген назарын күшейтеді.

Мұндай жағдайда компаниялар стратегиялық және инвестициялық шешімдердегі сақтықтың жоғарылауын көрсетеді. Басқару командаларының назары операциялық тұрақтылықты сақтауға, ішкі бақылауды күшейтуге және қабылданатын шешімдердің салдарын мұқият бағалауға бағытталады.

Сонымен қатар, бизнес жаңа Салық кодексі бейімделу және басқарушылық белсенділіктің жоғарылауы кезеңін іске қосатынын атап өтеді. Басшылар мен қаржылық функциялар салық күн тәртібіне тереңірек еніп, ішкі процестер қайта қаралады және функцияаралық өзара әрекеттесу күшейеді.

Практикалық деңгейде респонденттер операциялық шығындардың өсуін және салықтық және есептік бизнес-процестерді қайта құру қажеттілігімен байланысты рәсімдердің күрделенуін баса көрсетеді. Көптеген компаниялар үшін бұл салық функциясының рөлін және оның жалпы корпоративтік басқару жүйесіндегі орнын қайта қарауға ынталандыру ретінде қарастырылады.

Респонденттердің бағалауы бойынша, салық реформасының ұзақ мерзімді әсері белгіленген параметрлермен қатар оны іс жүзінде жүзеге асыру сапасына байланысты болады.

**Респонденттер жаңа Салық кодексінің талаптары шағын және орта бизнеске қалай әсер ететініне алаңдаушылықты жиі білдіреді.**

Сондай-ақ, ШОБ иелігіндегі қаржылық, кадрлық және аналитикалық ресурстар ірі компаниялармен салыстырғанда шектеулі болып келеді, бұл оларды реттеу мен басқарудың күрделенуіне сезімтал етеді. Мұндай жағдайларда ШОБ-ға түсетін жүктеменің бейпропорционалды өсу қаупі бар, бұл кәсіпкерлік белсенділік пен инвестицияларды тежеуі мүмкін.

Компаниялар бірнеше жылға жоспарлау мүмкіндігі қысқа мерзімді пайдадан немесе шарттардың нүктелік өзгеруінен маңыздырақ екенін атап көрсетеді. Сондай-ақ, респонденттер сенімді қалыптастыру үшін салық заңнамасының тұрақтылығы жекелеген мөлшерлемелер деңгейінен маңыздырақ екенін атап өтеді. Тәсілдемелерді жиі түзету және өзгерту сәйкес қолайлы параметрлерде де қатерлерді қабылдауды арттырып, инвестициялық белсенділікті тежейді.

Бизнес позитивті сценарийдің негізгі факторы ретінде тұрақты және дәйекті салықтық әкімшілендіруді атайды. Түсінікті рәсімдер, бірыңғай практика және салық органдары тарапынан сервистік тәсілдеме мемлекет пен бизнес арасындағы сенім мен сындарлы өзара әрекеттесудің негізі ретінде қарастырылады.

# Респонденттердің дәйексөздері

## Жаңа Салық кодексінің әсері туралы

«Жаңа Салық кодексінің қабылдануы әзірше бізге айтарлықтай әсер еткен жоқ, дегенмен бұл компанияның болашақтағы қаржылық нәтижелеріне әсер етеді деп күтілуде, себебі бағаның өсуі күтілуде.

Өткен жылдан бері еңбекақы төлеу қорынан бастап жеткізушілердің қызметтеріне дейін барлық баптар бойынша шығындардың өсуі байқалып келеді және бұл әлі де жалғасуда. Біздің шығындарымыз артып, бұл маржиналдылыққа, сондай-ақ Қазақстан халқының кредитке және төлем қабілеттілігіне әсер етеді. Бұл біз үшін маңызды жаңалық, себебі біз кредиттік ұйым ретінде халықпен жұмыс істейміз. Кредиттік портфель сапасы нашарласа, бұл бизнес пен кірістің өсу қарқынын бәсеңдетуі мүмкін».

**Алексей Сидоров,  
Prodengi Group**

«Менің ойымша, біз мұның бәрі қалай болатынын әлі толық түсінбейміз. Биыл Кодекс «шикі» нұсқада жұмыс істейді және референдумнан кейін не болатынын көреміз».

**Елена Терещенко,  
Ордабасы-Құс**

«Мен үшін шағын және орта бизнестен түсетін 30%-дық қосымша түсімдер есебі жасалғаны таңғаларлық. Яғни, шағын және орта бизнес бюджетке 30% беруі керек, бірақ оның экономикадағы рөлі мүлдем басқа емес пе. Оның экономикадағы рөлі – бюджетті толықтырудың негізгі көзі емес, жұмыс орындарын құру».

**Серик Толукпаев,  
Aitas Group**

«Аталған кезеңде біз жаңа Салық кодексінің бизнесіміздің дамуына елеулі тікелей әсерін күтпейміз. ҚҚС мөлшерлемесін көтеру операциялық қызметімізге айтарлықтай әсер етпеуі ықтимал. Сонымен қатар, компаниялардың жекелеген санаттарына, соның ішінде біздің мердігерлерге салық салудағы өзгерістер операциялық та, капиталдық та жобалар бойынша шығындар құрылымын белгілі бір түзетуді талап етуі мүмкін».

**Лукаш Сковроньски,  
Global Development**

# Респонденттердің дәйексөздері

## Жаңа Салық кодексі туралы

«Жаңа Салық кодексі белгісіздікті, бизнеске түсетін ауыртпалықты арттырады және өзгерістер әзірге өте күрделі болып көрінеді. Инвестицияларды тарту үшін салық жеңілдіктері қажет, ал мөлшерлемені көтеру мен бақылауды күшейту белгілі бір қиындықтар тудырады. Сатып алу қабілетінің төмендеуі Салық кодексімен тікелей байланысты болмаса да, жалпы тізбектің бір бөлігі болып саналады.

Үлкен болсын, кіші болсын, кез келген бизнеске әсер ету өзара байланысты және өзгерістер барлығына қатысты. Мысалы, жаңа ережелер ЖК-мен жұмыс істеу кезінде салық шегерімдерін алуды қиындатты, бұл біздің осы ынтымақтастыққа деген қызығушылығымызды төмендетеді. Алайда, шағын және орта бизнесті дамыту үшін қолдау мен өзара әрекеттесу маңызды. Сондықтан Салық кодексіндегі өзгерістер сенімділікті арттырып, нарықтың барлық қатысушыларының дамуына ықпал еткені дұрыс болар еді».

**Айзада Мадамбекова,**  
**TNS-Plus**

«Салық жүйесіндегі өзгерістер бизнестің қызметімен, әсіресе қоғамдық тамақтану мен қызмет көрсету сияқты салалармен тығыз байланысты. Біз үшін негізгі факторлар салық жүктемесінің деңгейімен қатар салықтық әкімшілендірудің болжамдылығы мен ашықтығы.

Тұрақты және түсінікті жүйе салауатты бәсекелестік ортаға ықпал етеді. Алайда, шындыққа келер болсақ, жаңа Салық кодексі жақын арада теріс әсер етуі мүмкін. Қаңтар-ақпан айларында Алматының бір көшесінде ғана 17 қоғамдық тамақтану орны жабылды, ал ел көлемінде 300-ге жуық мейрамхана, кафе мен бар жабылды.

Бұл өз кезегінде жұмыс орындарының қысқаруына, айналымның төмендеуіне және жеткізу мен курьерлік қызметтер сияқты байланысты қызметтерге сұраныстың төмендеуіне әкеледі. Жаңа Салық кодексі Қазақстандағы экономикалық секторларды қысқартудың катализаторына айналуы мүмкін деп санаймын. Әрине, бизнес бейімделіп, сақталудың жаңа жолдарын іздеуге тырысады, бірақ бұл жарыс тұтынушыларға кері әсер етуі мүмкін».

**Куат Жагалбайлинов,**  
**LANZHOU**

# Респонденттердің дәйексөздері

## Жаңа Салық кодексі туралы

«Бұл біздің нарыққа, соның ішінде мемлекеттік жобаларға ұсынатын қызметтеріміз бен өнімдеріміздің қымбаттауына әкелуі мүмкін. Уақыт өте келе тұрғын үй, құрылыс, тауарлар мен азық-түлік бағасының өсуі ықтимал, дегенмен қазір кейінге қалдырылған әсерге байланысты көбісі мұны байқай бермейді.

Біз жағдайды мұқият қадағалап, өзгерістерге бейімделеміз. ҚҚС бойынша аванстық төлем енгізілетін болса, бізге қосымша жоспарлау қажет болады, себебі бұл қазіргі жағдайда бизнес үшін маңызды қадам.

Қалай болғанда да, оң өзгерістерді күтеміз және сындарлы ынтымақтастыққа дайынбыз».

**Михаил Борисов,**  
**Fluidra Қазақстан**

«Корпоративтік табыс салығы (КТС) мөлшерлемесінің 25%-ға дейін өзгеруі кірістердің белгілі бір санаттары үшін КТС-тан босатудағы өзгерістермен қатар тиімді салық салымын және банк секторының ел экономикасындағы рөлін қайта қарауға әкелді. Бұл ретте КТС мөлшерлемесі экономиканы кредиттеуге байланысты операциялар үшін бұрынғы деңгейде сақталды, бұл мемлекеттің іскерлік белсенділікті ынталандыру бойынша басымдықтарын айқындайды. Банк қызметтеріне 16%-дық ҚҚС енгізу нарықпен оның тұтынушылар үшін қызметтердің түпкілікті құнына әсері және баға белгілеудің жалпы тенденцияларына ықтимал әсері тұрғысынан қарастырылады. Жаңа кодекске сәйкес белгілі бір баптарға ҚҚС-ты қолдануды нақтылау және осыған байланысты туындайтын, салық реформаларын енгізудегі ілеспе және үздіксіз процестерге жататын мәселелерді шешу бойынша жұмыстардың одан әрі жүргізілуі күтілуде. ҚҚС-пен байланысты шот-фактуралардың ұлғаюын басқару үшін банктер технологиялық жетілдірулерді енгізу бойынша белсенді жұмыс жүргізуде және әкімшілік процестерді оңтайландыру үшін қажетті ресурстар бөлуде».

**Сауле Жакаева,**  
**Ситибанк Қазақстан**

«Салық кодексінің бизнеске қалай әсер ететінін уақыт көрсетеді. Бірақ өмір сүру деңгейінің көтерілместен өмір сүру құнының өскені қазірден анық».

**Ахмед Ахраров,**  
**ЛОТТЕ Рахат**

«Дәрілік заттарға ҚҚС енгізу халық тарапынан сұраныс құрылымын өзгертеді, бұл қаржылық көрсеткіштер мен нарыққа қатысушылардың тұрақтылығына әсер етеді.

Бұл күшейтілген реттеумен бірге нарықтың тоқырауына және сатылымның нақты көлемінің төмендеуіне әкеп соғуы мүмкін, міне, сондықтан қазір нарықты қайта реттеу саласындағы кез келген күш-жігер аса маңызды. Салық кодексіндегі өзгерістер теріс салдарды азайтып, бәсекеге қабілеттілікті сақтау үшін компаниялардың стратегияларын мұқият талдау мен бейімдеуді талап етеді».

**Куаныш Оспанов,  
STADA**

«Салық кодексі тікелей әсер етпейді, себебі біз Астана хабтамыз. Алайда, ол жанама түрде барлығына теріс әсер етуі, бұл нарықтың қолма-қол ақшамен есеп айырысуға өтуіне әкелуі мүмкін».

**Досжан Жусупов,  
Серебра**

«Теріс және сыни әсерлер бірнеше аспектіде көрінуі мүмкін. Адамдар қаржылық қиындықтарға тап болуы мүмкін, бұл шағын бизнестің жабылуына және азық-түлік себеті құнының өсуіне әкеледі. Бұл көбісінің саяхаттау мүмкіндігіне әсер етуі мүмкін. Әлеуметтік маңызы бар тауарлардың тізімі кеңейтілсе де, бұл шектеулі оң әсер етуі ықтимал».

**Марина Кузнецевская,  
Fly Dubai**


«Менің ойымша, бұл бизнеске қысым түсіреді, өйткені бағалар көтеріліп, инфляция жоғарылайды. Сатып алу қабілеті төмендеуі ықтимал. Шағын және микробизнес операцияларды жалғастыруда қиындықтарға тап болып, бұл бизнес ортада жаңа динамика тудырады. Жаңа Салық кодексі бизнеске ҒЗТКЖ-ға жұмсалатын шығындарын пайдалануға және шегерімдердің жоғары мөлшерлемелерін алуға мүмкіндік береді, бірақ біздікі сияқты жаһандық компания үшін ҒЗТКЖ орталықтандырылған, сондықтан бұл ондай әсер етпейді. Менің ойымша, шағын бизнестің қиындықтары нарықта жаңа сынақ тудырып, сатып алу қабілетіне қысым түсіреді».

**Эдгар Бу-Шахин,  
Schneider Electric Орталық Азия және Кавказ**


# Басшы тұлғалар



**Азат  
Джалаилов**  
WILO Central Asia



**Александра  
Бекишева**  
«КАЗГИПРОНЕФТЕТРАНС»  
ИНЖИНИРИНГ  
КОМПАНИЯСЫ



**Айзада  
Мадамбекова**  
TNS-Plus



**Алексей  
Сидоров**  
Prodengi Group



**Алмас  
Абайдельдинов**  
Исткомтранс



**Алмас  
Құдайберген**  
Centrasia Group



**Антон  
Кочергин**  
Tickets.kz



**Арман  
Алдабергенов**  
Лакталис –  
Фудмастер Қазақстан




**Арман  
Маулешев**  
КазАзот



**Арманжан  
Байтасов**  
Tan Media Group



**Арсен  
Томский**  
InDrive



**Аскар  
Байтасов**  
ABR

# Басшы тұлғалар



**Ахмед  
Ахраров**  
LOTTE Рахат



**Бейбут  
Жантурин**  
Prosper pay



**Болатбек  
Оспанов**  
Smart Satu



**Валихан  
Тен**  
Krida



**Вели  
Динчел**  
Coca-Cola CCI  
Kazakhstan



**Вячеслав  
Мальцев**  
Carlsberg Kazakhstan



**Досжан  
Жусупов**  
Cerebra



**Елена  
Терещенко**  
Ордабасы-Құс




**Илья  
Мартыненко**  
Аврора Холдинг



**Кайрат  
Мажипбаев**  
RG Brands



**Константин  
Кулинич**  
Mary Kay



**Куаныш  
Оспанов**  
STADA


# Басшы тұлғалар



**Куат  
Жагалбайлинов**  
LANZHOU




**Лукаш  
Сковроньски**  
Global Development




**Максим  
Мельник**  
Smart web



**Марина  
Кузнечевская**  
Fly Dubai



**Мират  
Ахметсадыков**  
MOST Finance




**Михаил  
Борисов**  
Fluidra Қазақстан




**Сауле  
Жакаева**  
Ситибанк  
Қазақстан



**Серик  
Толукпаев**  
Aitas Group



**Фаррух  
Махмудов**  
Orbis Қазақстан



**Эдгард  
Бу-Шахин**  
Schneider Electric  
Орталық Азия  
және Кавказ



**Яков  
Фишман**  
Magnum

## Зерттеу әдіснамасы

Қазақстанда зерттеуге жеке бизнестің 59 басшысы қатысты, сауалнамаға қатысқан бизнесмендердің жартысы бізге егжей-тегжейлі сұхбат берді. Еліміз бойынша барынша толық көрініс алу мақсатында біз түрлі салалардың: химия, қаржы, энергетика, мұнай, тау-кен, телекоммуникация, автокөлік, құрылыс, агроөнеркәсіп, тұтыну тауарларын өндіру, көлік және логистика, ақпараттық технологиялар, қонақ үй және мейрамхана бизнесі, бөлшек сауда, фитнес-индустрия және фармацевтика салаларының басшыларын таңдадық. Басшыларға қазақстандық және жаһандық экономиканың өсу келешегі, бизнеске әсер ететін қатерлерге, жасанды интеллектіні қолдануға, бизнестің өміршеңдігіне әсер ететін факторларға және қысқа және ұзақ мерзімді келешектегі кірістің өсуі бойынша үміттерге, сондай-ақ экологиялық инвестициялар туралы сұрақтарға жауап беру ұсынылды. Сауалнамаға қатысушыларға жалпы Қазақстанға және олардың бизнесіне әсер ететін мемлекеттің бірінші кезектегі міндеттері, сондай-ақ мемлекеттік органдармен ынтымақтастық, елдегі инвестициялық ахуалдың өзгеру себептері мен оны жақсарту жолдары туралы пікірлерін білдіру де ұсынылды. Қазақстанда сұхбат 2026 жылдың қаңтар-сәуір айлары аралығында өткізілді. Осы зерттеуде келтірілген қазақстандық басшылардың барлық дәйексөздері респонденттермен алдын ала келісілді. Аталған басшылардың лауазымдары сұхбат жүргізу кезінде өзекті. Барлық жеке сұхбаттар мен сандық көрсеткіштер ұсынылған электрондық сауалнамаларды толтыру құпия түрде жүргізілді.

Ескерту: Пайыздарды дөңгелектеу, респонденттердің бір сұраққа бірнеше жауап нұсқасын таңдау мүмкіндігі және «нақты айта алмаймын», «білмеймін», «жауап беруден бас тартамын» деген жауап нұсқаларын алып тастау себебінен зерттеуде келтірілген барлық сандардың қосындысы 100%-ды құрай бермейді.

# Зерттеуді жүргізгендер:

**PwC:**

Азамат Конратбаев,  
Асия Белеуханова,  
Марина Карпова,  
Айбибі Куан,  
София Корецкая,  
Избасар Дарыбаев,  
Марина Мальченко

**Редакциялық қолдау:**

**Анна Резник,**  
Forbes Қазақстан

**PwC байланыс деректері:**

**Асия Белеуханова**  
Маркетинг және сыртқы  
коммуникациялар бөлімінің  
жетекшісі  
[assiya.beleukhanova@pwc.com](mailto:assiya.beleukhanova@pwc.com)

**Марина Карпова**  
Маркетинг және сыртқы  
коммуникациялар бөлімінің  
аға маманы  
[marina.karpova@pwc.com](mailto:marina.karpova@pwc.com)

**Қазақстандағы PwC кеңселері:****Алматы**

AFD бизнес-орталығы, «А»  
ғимараты, 4-қабат, Әл-Фараби  
даңғылы, 34, Алматы,  
Қазақстан, A25D5F6  
Т: +7 (727) 330 32 00

**Астана**

Q2 бизнес-орталығы, 4-қабат,  
Қабанбай батыр даңғылы, 15/1  
үй, Есіл ауданы, Астана,  
Қазақстан, Z05M6H9  
Т: +7 (7172) 55 07 07

**Атырау**

River Palace қонақүйі, 2-қабат,  
10-кеңсе, Әйтеке би көшесі, 55,  
Атырау, Қазақстан, 060011  
Т: +7 (7122) 76 30 00

**Зерттеу бойынша сұрақтар  
мен БАҚ сұрауларын  
қабылдайтын тұлға:**

**Марина Карпова**  
[marina.karpova@pwc.com](mailto:marina.karpova@pwc.com)



# **Әлемнің ең ірі компаниялары басшыларының 29-шы жыл сайынғы сауалнамасының қазақстандық шығарылымы, 2026**

**[www.pwc.com/kz](http://www.pwc.com/kz)**

© 2026 PwC. Барлық құқықтар қорғалған. PwC рұқсатынсыз одан әрі таратуға тыйым салынады. "PwC" ПрайсуотерхаусКуперс Интернешнл Лимитед (PwCIL) қатысушы фирмалары желісіне немесе мәнмәтінге байланысты PwC желісіне қатысушы жеке фирмаларға қатысты. Әр фирма жеке заңды тұлға және PwCIL немесе басқа қатысушы фирма агенті ретінде әрекет етпейді. PwCIL клиенттерге қызмет көрсетпейді. PwCIL қатысушы фирмалардың кез келгенінің әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне жауапты болмайды, олардың кәсіби қызметін бақыламайды және еш жағдайда олардың әрекеттерін шектемейді. Қатысушы фирмалардың ешқайсысы кез келген басқа қатысушы фирманың әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне жауапты болмайды, олардың кәсіби қызметін бақыламайды және еш жағдайда олардың әрекеттерін шектемейді.